29 қараша
ноября

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ | ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ



ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ МЕДИА ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖАСТАР ТЕАТРЫНЫҢ ЖЕМІСТІ ЖОРЫҒЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

№129
(5027)
Сенбі
31 қазан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Әзербайжан ұлттық банктері өкілдерінің төлем жүйелерін бірлесіп дамыту мәселелеріне арналған төртінші өңірлік кездесуде өзара QR-код төлемдерін қолдану жайы қаралды.

Жүздесу барысында тараптар ұлттық төлем платформалары мен жедел төлем жүйелерін дамыту, сондай-ақ QR-код стандарттарын енгізу тәжірибесімен бөлісті.

«Трансшекаралық төлемдерді дамыту перспективаларына ерекше назар аударылды. Осы бағытта ұлттық жедел төлем жүйелері мен цифрлық валюталардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру тәсілдері таныстырылды» деп хабарлады Қазақстан Ұлттық банкі.

Кездесуге қатысушылар Қазақстанның ұлттық QR-төлем жүйелерін біріктіру туралы ұсынысын қолдады. 2026 жылдың соңына дейін елдер бұл тетікті әзірлеуді жоспарлап отыр. Бұл Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Әзербайжан тұрғындарына шетелде өз банктерінің үйреншікті мобильді қосымшасы арқылы тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ бір-біріне лезде ақша аударуға мүмкіндік береді.



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



2

ТЕРЕҢНЕН ТАМЫР ТАРТҚАН ЫҚПАЛДАСТЫҚ

28-30 қазан күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Түркия Республикасына ресми сапармен барды. Анкарада мемлекеттер басшылары кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға бағытталған келіссөздер жүргізді. Сондай-ақ Қазақстан Президенті Түркі мемлекеттері ұйымының 13-саммитіне қатысты.

ҮШІНШІ СУПЕРКОМПЬЮТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Елімізде таяу арада үшінші қуатты суперкомпьютер іске қосылады. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының 13-саммитінде мәлімдеді деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

Президент цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту қазіргі заманның басты талаптарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуды мақсат етіп, осы бағытта ауқымды жобаларды жүзеге асырып жатыр.


«Елдеріміз жаппай цифрландыру мәселесімен белсенді түрде айналысып жатыр. Қазақстан цифрлық ел болуды мақсат етіп отыр. Бұл бағытта ауқымды жұмыс істелуде. Биыл – елімізде Цифрландыру және жасанды интеллект жылы. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы құрылды. Жасанды интеллект саласына қажетті мамандар даярлайтын Qazaq AI Research университеті ашылды. Қуаттылығы 1 ГигаВатт болатын Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы құрылып жатыр. Екі суперкомпьютер іске қосылды. Таяу арада үшінші өте қуатты суперкомпьютер өз жұмысын бастайды» деді Мемлекет басшысы.

МОЛ АСТЫҚ ЖИНАЛДЫ

2026 жылғы егін жинау науқанының қорытындысы бойынша Қазақстанда 24,3 млн тонна астық жиналды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бұл – соңғы 15 жылдағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Бұл нәтиже отандық ауыл шаруашылығының мүмкіндігі жоғары екенін және диқандардың елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге қосқан үлесін көрсетеді.

«Биыл жиналған астықтың көлемі ғана емес, сапасы да жақсы. Алдын ала мәлімет бойынша элеваторларға тапсырылған жұмсақ бидайдың шамамен 72 пайызы үшінші сыныпқа жатады. Қазақстан астық экспортында да жоғары нәтижелер көрсетіп отыр. Соңғы екі маркетингтік жылда еліміз 15,5 млн және 16 млн тонна астық пен ұн экспорттады. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы рекордтық көрсеткіштер» делінген хабарламада.





№129 (5027) 31/10/2026 Сенбі



ТЕРЕҢНЕН ТАМЫР ТАРТҚАН ЫҚПАЛДАСТЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ПРЕЗИДЕНТТЕР ПІКІР АЛМАСТЫ

Түркия Республикасына ресми сапармен барған Қасым-Жомарт Тоқаевты Анкарадағы Президент сарайында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекет басшысының келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеді. Сарайға келген сәтте Президент кортежін салт атты гвардия бастап жүрді. Қасым-Жомарт Тоқаевты Режеп Тайип Ердоған қарсы алды. Қазақстан мен Түркияның мемлекеттік әнұрандары орындалып, зеңбіректен 21 дүркін оқ атылды. Екі елдің көшбасшылары Құрмет қарауылы алдынан жүріп өтіп, бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Содан кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Түркия Президентіне алғыс айтып, әріптесі мен барша түрік халқын ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтады.

Өз кезегінде Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түсуге ниетті екенін растады. Мемлекеттер басшылары мәңгі достық пен кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухындағы екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Әңгімелесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты нығайту перспективасына айрықша назар аударылды. Сондай-ақ президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

МӘҢГІЛІК ДОСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Президенттердің кеңейтілген құрамдағы келіссөзі екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен одан әрі жалғасты. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдің Республика күні қарсаңындағы жүздесу терең символдық мәнге ие екеніне назар аударып, Түркия Президенті мен барша түрік халқын ұлық мерекемен құттықтады.

«Сіздің парасатты басшылығыңыздың әрі көреген саясатыңыздың арқасында Түркия ауқымды реформаларды табысты жүзеге асырып жатыр. Еліңіз саяси және экономикалық тұрғыдан жаңғырып, қарқынды дамып келеді. Түркияның абырой-беделі жылдан-жылға арта түсуде. Біз Өзіңізді әлемдегі аса ықпалды көшбасшылардың бірі ретінде білеміз. Сіздің ашық әрі батыл ұстанымыңыз, бейбітшілік пен әділдік жолындағы күш-жігеріңіз жаһандық деңгейде мойындалып отыр. Түрік халқының мәртебесі алдағы уақытта да асқақтай береді деп сенемін. Қазақ елі Түркияны әрқашан қолдайды және ағайын жұрттың әрбір жетістігіне шын жүректен қуанады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті өзара байланыстарды одан әрі нығайтуға ерекше мән беретінін атап өтті.

«Қазақ-түрік ықпалдастығы тереңнен тамыр тартады. Тарихымыз – ортақ, тіліміз бен еліміз – бір, дәстүріміз – ұқсас. Екі елдің саяси ынтымақтастығы өзара сенімге және мызғымас достыққа негізделген. Мемлекеттеріміздің арасында шешімін таппаған ешқандай мәселе жоқ. Біз екіжақты және халықаралық деңгейде бір-бірімізге үнемі қолдау көрсетіп жүрміз. Сауда-экономика саласындағы қарым-қатынасымыз да күшейіп келеді. Түркия – Қазақстанның ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Бұған қоса, Анадолыдағы ағайын ұлттық экономикамызға көлемді қаржы салған басты 10 инвестордың қатарына кіреді. Қазақстанда бірқатар түрік компаниялары табысты жұмыс істеп жатыр. Біз түрік бауырларымызға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың кәсіп жүргізуі үшін қолайлы жағдай жасауға тырысамыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Режеп Тайип Ердоғанның биыл мамыр айында Қазақстанға мемлекеттік сапары жемісті болып, бірқатар маңызды уағдаластыққа қол жеткізілді. Сапар аясында екі ел арасындағы Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысы ұйымдастырылды. Сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салаларда ауқымды жобалар табысты жүзеге асырылуда. Ең бастысы, қарым-қатынас мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді.

«Серіктестігімізді одан әрі дамыту бәріміздің мүддемізге сай келеді. Жақын арада Анталияда COP31 климаттық форумы өтеді. Мен осы беделді басқосуға қатысуды жоспарлап отырмын. Мұның бәрі екіжақты және көпжақты байланысымызды дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз» деді Қазақстан Президенті.

Түркия Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты және бауырлас қазақ халқын Республика күнімен құттықтады. Режеп Тайип Ердоған жақында Анкарада қазақ мемлекеттілігінің тарихына арналған «Құрылтай феномені» кітабының тұсаукесері өткенін айтты. Бұдан бөлек, «Наурыз – түркі әлемінің ортақ мұрасы» кітабы қазақ тіліне аударылды.

«Биыл мамыр айында Астанаға жасаған сапарым барысында бірқатар маңызды құжатқа, соның ішінде Мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойдық. Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің келесі отырысында өзара қарым-қатынасты нақты қадамдармен бекіте түсеміз. Біз тауар айналымын 15 миллиард долларға жеткізіп, инвестициялық байланыстарды жандандыруға ниеттіміз» деді Түрік елінің басшысы.

Келіссөз барысында екі ел басшылары көлік-логистика, энергетика, жасанды интеллект, ауыл шаруашылығы, қорғаныс өнеркәсібі және мәдени-гуманитарлық бағыттағы ықпалдастық мәселелерін талқылады.

ТҮРКІ ӘЛЕМІ АЛЛЕЯСЫН АШТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшыларымен бірге астаналық «Бештепе» саябағындағы Түркі әлемі аллеясын ашты. Аталған алаңда Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан елдерінің ұлттық павильондары орналасқан. Экспозицияларда бауырлас халықтардың ынтымақ-бірлігі мен сан алуан мәдениеті, бай рухани дәстүрі көрініс тапқан.



Қазақ киіз үйі Ұлы дала рухы мен түркі дүниесінің ортақ тарихи тамырын бейнелейді. Президенттерге киіз үйдің безендірілуіне арқау болған ежелгі түркі өркениеті, соның ішінде сақтар мұрасы, халқымыздың табиғатпен үйлесімді өмір салты және заманауи Қазақстанның келбеті жайында мәлімет берілді. Мемлекеттер басшыларының назарына қазақ халқының дәстүрлі саятшылық өнерін паш ететін «Сақ аңшысы» мүсіндік композициясы ұсынылды. Сондай-ақ мәртебелі меймандарға көне түркі жазба мәдениетінен мол мағлұмат беретін Орхон ескерткіштері көрсетілді. Қасым-Жомарт Тоқаев ТМҰ-ға мүше елдер басшыларымен бірге Түркі әлемі аллеясына ағаш екті.

ӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ КОНЦЕРТІ

ТМҰ-ға мүше елдер басшылары түркі әлемі өнер шеберлерінің концертін тамашалады. Концертте «Түркі әлемі» ансамблі мен Түркия Республикасы Президенттік симфониялық оркестрі ұйымға мүше елдердің ең таңдаулы музыкалық шығармаларын орындады. Құрметті қонақтар түркі халықтарының ұлттық билерін тамашалады. Сондай-ақ іс-шара аясында түркиялық танымал әнші Кырач пен Қазақстанның халық әртісі Димаш Құдайберген өнер көрсетті.

ТОННЫҢ ІШКІ БАУЫНДАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының 13-саммитінде сөз сөйлеп, бұл ұйым түркі әлемінің тұтастығын нығайтып келе жатқан бірегей құрылым екеніне назар аударды.

«Бауырлас елдердің егемендігіне, ұлттық мүддесіне құрметпен қарау – біздің мызғымас қағидатымыз. Түркі жұрты тонның ішкі бауындай тату болып, бағыт-бағдарынан ауытқымай бірлесіп, алға нық қадам жасауда. «Түркі ғасыры: тіліміз де, ойымыз да, ісіміз де – бір» атты басқосу тақырыбының мән-мағынасы өте терең. Бұл жиын Бірінші Түркология құрылтайының 100 жылдығымен орайлас өтіп жатыр. Мұның символдық мәні де ерекше. Осыдан бір ғасыр бұрын бауырлас елдердің зиялы қауым өкілдері рухани тұтастығымызды нығайту үшін ортақ мүдде жолында Баку қаласында үлкен жиын ұйымдастырып, күш біріктірген болатын. Біз бабаларымыздың осы аманатына адал болып, түркі әлемінің ауызбіршілігін күшейту үшін жұмыла әрекет етіп келеміз» деді Мемлекет басшысы.

Президент осы орайда Режеп Тайип Ердоғанның бастамасымен Түркі мемлекеттері ұйымы аллеясының ашылғанын ерекше атап өтті.

«Бұл аллея мызғымас бауырластығымыздың символына айналады деп сенемін. Баршаңызға мәлім, қазір әлемдегі геосаяси ахуал ушығып барады. Таяу Шығыстағы жағдай, әсіресе, Ормуз бұғазы төңірегіндегі текетірес күрделене түсті. Мұның бәрі жаһан елдерінің, әсіресе, шекаралас түркі мемлекеттерінің сауда-экономикалық және көлік-логистика байланысына кері әсерін тигізуде. Қазақстан бір белгілі, яғни хусит деген әскери қозғалыстың бауырлас Сауд Арабиясына қарсы негізсіз шабуыл жасағанына наразылық білдірді. Осындай жөнсіз әрекеттерді тоқтату керек деген мәлімдемелерге қосыламыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ТМҰ аясындағы экономикалық ықпалдастық айрықша рөл атқаратынына сенім артатынын айтты.

«Біздің еліміздің ұйымға мүше елдермен алыс-берісі биыл 10 миллиард долларға жуықтады. Былтырғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 40 пайызға артып отыр. Осы қарқынды сақтап қалу үшін әлі де бірқатар шараларды іске асыруымыз керек. Ең алдымен, «Түркі әлемінің келешегі-2040» бағдарламасын сапалы орындау өте маңызды. Осы тұста Түркі мемлекеттері ұйымының 2027-2031 жылдарға арналған стратегиясын жедел қабылдау қажет. Біз бұл құжаттың жобасында көрсетілген сауда, инвестиция, қаржы, өндіріс, ауыл шаруашылығы, цифрлық технология, білім-ғылым және басқа да салаларды дамытуға қатысты шараларды қолдаймыз. Ең бастысы, бес жылға арналған стратегияда нақты жобалар көрініс табуы керек. Сондықтан Түркі инвестициялық қорының мүмкіндіктерін барынша қолдану қажет. Оның әлеуеті зор. Бұл қаржылық институттың толыққанды жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасап берсек, жөн болар. Бұған қоса, экономикалық ықпалдастықты күшейту үшін Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының мүмкіндігін пайдаланған абзал. Қазақстан бұл құрылымға төрағалық еткен кезеңде бірқатар шаралар өткізіп, маңызды құжаттар әзірледі. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру мақсатымен келесі жылы Қазақстанда Іскерлік форумын өткізуді ұсынамыз. Біздің ойымызша, ұйымымыздың аясындағы Ақсақалдар кеңесінің жұмысы да өте маңызды. Осы құрылымға қаржылай және басқа да түрлі көмегімізді көрсетуіміз қажет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ынтымақтастықты нығайту жолында «Түркі мемлекеттері ұйымы +» форматын қолданудың маңызы зор екеніне мән берді.

«Ұйымымыздың беделін арттыру үшін Ресейдің ниетіне оң пікірімізді білдіріп, бұл елді осы форматқа қосылуға немесе ұйымға бақылаушы ретінде қатысуға шақырсақ, дұрыс әрі әділетті шешім болар еді. Өйткені Ресей ірі мемлекет ретінде көне заманнан бері түркі әлемімен тығыз байланыста болған. Бұл елде тарихи мекенін тапқан түркі халықтары көп. Қазіргі таңда Ресей «Алтай өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» деген тұжырымдаманы дәріптеуде. Қазақстан бұл тұжырымдаманы қолдайды. Орыс тілінде түркі тілдерінен тамыр тартатын сөздер де аз емес. Жалпы, Ресей түркі елдерінің, яғни біздің ұйымның бір бөлігі болса, бәрімізге пайдасын тигізер еді» деді Мемлекет басшысы.

Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті тереңдету, мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты одан әрі дамыту туралы ойларын ортаға салды. Сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымын институционалдық тұрғыдан дамытуға айрықша назар аударуға шақырды. Мемлекет басшысы сөз соңында қазақта «Береке – бірлікте, ырыс – ынтымақта» деген мақал бар екенін еске салып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ мақсат жолында бірлесе әрекет ету керектігін айтты.

Саммитте Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Әзербайжан Сыртқы істер министрі Джейхун Байрамов, ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев сөз сөйледі. Түркі мемлекеттері ұйымы 13-саммитінің қорытындысы бойынша Анкара декларациясы қабылданды.

№129 (5027) 31/10/2026 Сенбі



Жұлдыз ДАНБАЕВА,
Құрылтай депутаты:

ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН АТСАЛЫСУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

– Президентіміздің бұл жолғы Жолдауы экономикалық өсімді қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін көтеруге бағытталған. Әсіресе, денсаулық сақтау саласына қатысты бастамаларға ерекше тоқталғым келеді. Мемлекет басшысы өңірлерде жаңа медицина нысандарын салу, ана мен бала денсаулығын қорғау, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мәселелеріне басымдық берді. Атап айтқанда, елімізде 8 перинаталдық орталық пен 7 балалар ауруханасын, сондай-ақ Астана қаласында 2 медицина нысанын салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету саласында еңбек ететін 77 мыңнан астам медицина қызметкерінің жалақысын еңбек өтіліне қарай 40%-ға дейін арттыру туралы бастама – сала мамандарының еңбегін бағалауға бағытталған маңызды қадам.

Халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға қатысты шешімдер де айрықша мәнге ие. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін көтеру – азаматтардың табысын арттыруға бағытталған нақты шаралардың бірі. Сондай-ақ Мемлекет басшысы әлеуметтік көмектің шын мәнінде мұқтаж азаматтарға берілуі қажеттігін атап өтті. Бұл – әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттырудың маңызды тетігі.

Мемлекет басшысы инклюзивті білім беру инфрақұрылымын дамытуға да назар аударды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы жағдай жасап, олардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік беру – маңызды міндеттердің бірі.

Жолдаудағы тағы бір ауқымды бастама – 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау туралы ұсыныс. Оның аясында еліміздің барлық өңірінде жолдар, мектептер, ауруханалар, тұрғын үйлер және басқа да әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салу мен жаңғырту көзделіп отыр. Бастама өңірлердің дамуына серпін, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Президент көтерген мәселелердің барлығының түпкі мақсаты – әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын жақсарту, өңірлердің дамуына серпін беру және әділетті қоғам қалыптастыру. Құрылтай депутаты ретінде Жолдауда белгіленген міндеттерді заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, әсіресе денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау саласындағы бастамалардың нақты іске асуына ықпал ету маңызды деп санаймын. Ең бастысы, қабылданған шешімдер халықтың күнделікті өмірінде оң өзгерістерге ұласуы тиіс. Жолдауда айқындалған стратегиялық бағыттарды қолдаймын. Еліміздің тұрақты дамуы мен азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру жолындағы ортақ іске әрқайсымыз жауапкершілікпен атсалысуымыз қажет.



Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, ақын:

ЕҢ ӨЗЕКТІ ШЕШІМДЕР ҰСЫНЫЛДЫ

– Биылғы Жолдаудағы ең басты мәселе – алдағы бір жылдың ішінде халықтың әл-ауқатын көтеруге басымдық берілуі. Ол үшін экономиканы нығайту, цифрлық сала мен жасанды интеллектті пайдалануды жүйелеу, бизнесті дамыту сияқты мәселелерді реттеу үшін Президент Үкіметке қадау-қадау тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысының ең басты сөз түйіні – келесі жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауы. Еліміздің барлық өңірінде халыққа аса қажетті, елдің әлеуметтік мәселелерін шешетін көптеген құрылыс нысандары салынатыны айтылды. Бұл – өте қуантарлық жағдай. Сонымен қатар бизнес саласын оңтайландыру, әсіресе шағын және орта бизнесті дамыту бойынша Үкімет пен Құрылтайға ұсыныс айтты.

Бизнесті тексеруге үш жылға мораторий жариялау мәселесі көтерілді. Сондай-ақ жалпы құқықтық мәселелерді реттеу үшін және қазіргі қоғамның дамуына кедергі келтіріп тұрған кейбір кедергілерді шешу үшін Азаматтық кодексті қайта қарап, жаңадан дайындауды ұсынды. Оған қоса, инвестиция тартуды жеделдетуді, Үкіметтен бастап ауыл әкімдіктеріне дейін қызметтерді цифрландыру, ЖИ пайдалану мәселелері сияқты бүгінгі қоғамды жүйелі дамытуға тиімді ұсыныстар айтты. Президентіміздің Жарлығымен жарияланған биылғы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» өз нәтижесін берді. Келесі «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылының» да берері мол боларына сенеміз. Бастысы, Ата заңымыз жаңғырып, билік құрылымы өзгерді, көптеген жаңа лауазым енгізілді. Соның бәрі табысты, жүйелі жұмыс істеуі үшін Президент Жолдауында басты-басты салаларға нақты бағыт-бағдар көрсетті. Сондықтан бұл Жолдау – бүгінгідей алмағайып заманда еліміздің тұрақты дамуына және әлемдегі әл-ауқаты зор мемлекеттер қатарына кіруіне серпін береді деген ойдамын. Қазір ең төменгі жалақы көрсеткіші 85 мың теңге көлемінде болса, соны жаңа жылдан бастап 100 мың теңгеге дейін көтеру де осы Жолдауда айтылды. Еліміздегі ондаған ірі қалаларда балаларға арналған медицина орталықтарын салу, сондағы қызметкерлердің жалақысын көтеруге де мән берілді. Білім беру саласындағы қағазбастылықтан арылу, мұғалімдердің құқығын қорғау, сапалы білім алуға жағдай жасау сияқты өзекті мәселелер де назардан тыс қалмады. Мұның бәрі Президент берген ұсыныстар мен тапсырмалардың арқасында жүйелі түрде шешіледі деп сенемін. Ең бастысы, заңнан бұрын сананың жаңғыруы, яғни мемлекеттік қызметкерлер арасындағы «Этикалық кодексті» қайтадан қарау, халықтың санасын жаңғыртуға байланысты жоспарлы жұмыс жүргізу тапсырылды.



Аяжан ӨТЕУОВА,
Астана қаласы Азаматтық альянсының төрағасы:

ДАМУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

– Жолдауда көтерілген мәселелер ішінде цифрландыру, шағын бизнесті қолдау және азаматтардың өз әлеуетін іске асыру мүмкіндігін ерекше атап өтер едім. Креативті индустрия үшін бұл бағыттар өзара тығыз байланысты. Өйткені әрбір адам үшін өз өнімін жасау, тұтынушыларын табу және дарыны арқылы табыс табу маңызды.

Президент кәсіпкерлікті қолдау шараларын цифрлық платформалардың мүмкіндігімен ұштастыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ Құрылтай мен Үкіметке шағын және микробизнес субъектілерін тексеруге үш жылдық мораторий енгізу мәселесін қарастыруды ұсынды. Бұл, әсіресе, шағын шығармашылық ұжымдар үшін өзекті. Олардың жұмыс істеуі мен дамуына түсінікті әрі қолайлы жағдайлар қажет.

Смартфонды табыс табу құралы ретінде пайдалану туралы ой маған жақын. Адамдарды технологиялардың көмегімен тапсырыс іздеу, өнім сату және оны қашықтан жұмыс істеу үшін тиімді пайдалануға үйрету маңызды. Әрбір адам өз қабілетін іске асырып, табыс таба алса, бұл ел экономикасының дамуына оң ықпал етеді.

Отансүйгіштік және өз еліңде жүзеге асуға мүмкіндік алу мәселелері де айрықша. Ана ретінде қызымның болашағын Қазақстанмен байланыстырғанын, осы елде өмір сүріп, еңбек етіп, дамуға ұмтылғанын қалаймын. Өз армандарын жүзеге асыру үшін шетелден мүмкіндік іздеуге мәжбүр болмаса деймін. Сондықтан мемлекеттік басқару сапасы мен өмір сүруге қажетті нақты жағдайлар – жолдардың сапасынан бастап интернеттің қолжетімділігіне дейінгі мәселелер мен үшін маңызды. Сапалы жолдар ауылдарды қалалармен байланыстырып, кәсіпкерлерге тауарларын жеткізуге және жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік береді. Ал интернет, тұрғылықты жеріне қарамастан, әр адамға білімге, тапсырыс берушілерге және жұмысқа қол жеткізуге жол ашады.

Өзгерістердің адамдардың күнделікті өмірінде нақты сезілгенін қалаймын. Әрбір азамат өз елінде өмір сүрудің қолайлы екенін, өзі мен балалары үшін мол мүмкіндік барын сеніммен айта алуы керек.



Сансызбай ЕСІЛОВ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Астана қаласының құрметті азаматы:

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ БАҒДАРЫМЫЗ

– Жаңа Жолдаудың мазмұны алдағы ұзақмерзімді перспективаның негізгі басымдықтарын айқындайды: елдің инфрақұрылымын кешенді жаңғыртуға үлкен қаржы бөлінеді және республиканы одан әрі дамыту бойынша негізгі басымдықтар белгіленеді. Яғни негізгі бағыттар – егемендікті нығайту, ішкі тұрақтылық, экономиканы, ғылымды және инновация технологияларын дамыту, ал негізгі міндеттер – барлық өңірдің инфрақұрылымын ауқымды түрде жаңарту.

Экономикалық даму мәселелері бойынша инвестицияларды басқарудың бірыңғай жүйесін және орта бизнесті дамытудың арнайы жоспарын құру қажеттілігі бар. Қоғамдағы тұрақтылық Қазақстанға инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Сол үшін де Мемлекет басшысы жаңа кезеңдегі негізгі стратегиялық міндеттерді атап өтті.

«Халықтық құрылыс» – бұл жолғы Жолдауда ұсынылған ауқымды инфрақұрылым жобасы. Әлеуметтік-экономикалық блокта да даму бар. Жолдарды абаттандыруға, ауруханалар мен мектептер салуға үлкен қаражат бөлінді.

«Қазақстан Еуразиялық көлік хабына, халықаралық жүк тасымалдарын ұйымдастырушыға айналуы тиіс, бұл – стратегиялық міндет. Республикалық, жергілікті ауқымдағы сапалы жолдармен Үкімет, Көлік министрлігі айналысуға тиіс» деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Жолдауда сервистік инфрақұрылым, толық цифрландыру қажеттілігі, барлық азаматтық инфрақұрылымды қайта құру туралы айтылды. Дамыған инфрақұрылым халықтың әл-ауқатын арттыруға қызмет етеді. Өңірлерді жайластыруға ерекше назар аударылды. Күшті аймақтар – мықты ел. Тарихи жауапкершілік – заманауи инфрақұрылымы, өмір сүру деңгейі жоғары сапалы жаңа ел құру. Тарихи ауқымның миссиясы – адами капиталды дамыту.

Мемлекет басшысы Үкіметтің алдына нақты міндеттер қойды, енді оның ұйымдастырушылық рөлі артуы тиіс. Шешуді қажет ететіні – су тапшылығы мәселесі. Президент ауыз суды тұтынуды бақылауды, сондай-ақ су ресурстарының ақпарат жүйесін құруды айтты. Суға ұқыпты қарау әрбір қазақстандыққа қатысты. Президент Үкіметке ірі әлеуметтік-экономикалық жобаларды, сондай-ақ бизнесті экономиканың қозғаушы күші ретінде қолдауды тапсырды.

Қазақстан Республикасы халықтың әл-ауқаты үшін цифрлық экономика құруы, елдің цифрлық трансформациясының барлық мүмкіндігін пайдалануы тиіс. Стратегиялық мақсат – «Халықтық цифрлық экономика». Барлық азаматтар заңды табыс алу үшін смартфонды пайдалана білуі тиіс.

Халықтың әл-ауқатына келсек, Президент инфляцияға қарсы күресті жалғастыруға шақырып, оны төмендету қажеттігін атап өтті. Банктер қосымша қаржы көздерін жұмылдыру арқылы бизнеске несие беруі керек. Салық салу ашық және әділ болуы шарт.

Мемлекет басшысы шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсете отырып, әлеуметтік саясатты қайта қарауға шақырды. Атаулы әлеуметтік көмек бойынша алдымен пилоттық режимді сынақтан өткізіп, содан кейін ғана іске асыруды ұсынды. Мұғалімдер еңбегінің өзекті мәселелеріне және инклюзияны мемлекет тұрғысынан қолдауға көп көңіл бөлінді.

Президенттің айтуынша, жаңа тарихи цикл Үкіметтің жоспарлары мен стратегияларын қайта қарауды талап етеді. Ал прогрессивті Қазақстанды құру үшін стратегиялық озық режимде жұмыс істеу керек.



№129 (5027) 31/10/2026 Сенбі

ЖЕКЕ ИНВЕСТОРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ



Елордаға жеке инвестиция тарту бағытында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Бұл туралы Инвестициялық штаб отырысында айтылды.

Астанада шыны пакеттері мен қасбет жүйелерін өндіретін зауыт, лифт, эскалатор және өзге де көтергіш механизмдер шығаратын өндіріс-технология орталығы, алкогольсіз сусындар шығаратын өндіріс-логистика кешені, қойма орындары бар косметика мен парфюмерия өндіретін кәсіпорын салу жобалары және басқа да бастамалар талқыланды.

– Ұсынылған жобаларға салынатын инвестицияның жалпы көлемі шамамен 40 млрд теңгені құрайды. Оларды 2026-2029 жылдары іске асыру жоспарланып отыр, соның нәтижесінде 1700-ден астам жаңа жұмыс орны ашылмақ. Былтыр елорда экономикасына шамамен 2,5 трлн теңге инвестиция салынды. Олар өңдеу өнеркәсібі, логистика, көлік, әлеуметтік инфрақұрылым және экономиканың өзге де негізгі салаларындағы жобаларға бағытталды. Өңірлік инвестициялық штаб отырыстарын тұрақты түрде өткізіп, жобаларды жүзеге асырудың барлық кезеңінде инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетеміз, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ЖОБАЛАР



Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері елордадағы төрт инвестиция нысанын аралап, олардың жұмысымен және даму жоспарымен танысты.

Қоғамдық кеңес мүшелері алдымен Stadler Kazakhstan зауытына барды. Мұнда Қазақстан теміржолдарына арналған заманауи жолаушылар вагондары құрастырылады. Кәсіпорынның өндіріс қуаты жылына шамамен 90 вагон шығаруға мүмкіндік береді. Былтыр 51 вагон жасалса, биыл 92 вагон өндіру жоспарланған. Қазір зауытта 720 адам еңбек етеді. Өндіріс аумағы 32 мың шаршы метрді құрайды. Қосымша 16 мың шаршы метрлік жаңа цех салынып жатыр. Онда 2027 жылдың ортасынан бастап алюминий вагон қаңқаларын дайындау көзделген. Жаңа өндіріс іске қосылғанда тағы 100-ге жуық жұмыс орны ашылмақ.


Келесі нысан – Modex Astana зауыты. Кәсіпорын тұрғын үй құрылысына арналған көлемді блок құрылымдарын шығарады. Бұл технология ғимараттың негізгі бөліктерін зауытта дайындап, құрылыс алаңында құрастыруға мүмкіндік береді. Зауыт өнімдері пайдаланылған жобалар аясында бүгінге дейін 12940 пәтер тапсырылған. Былтыр 170 мың шаршы метрге жуық модуль құрылымы шығарылса, биыл өндіріс көлемін 210 мың шаршы метрге жеткізу жоспарланып отыр. Кәсіпорында 600-ге жуық адам жұмыс істейді. Мұнда мамандарды өндіріс орнында оқыту жүйесі қалыптасқан. Биылдың өзінде 200-ден астам қызметкер арнайы даярлықтан өткен.

Қоғамдық кеңес мүшелері биыл қыркүйекте ашылған Sabis халықаралық мектебінің жұмысымен де танысты. Құрылысы 2024 жылы басталған білім беру мекемесінде қазір 150 оқушы білім алады. Жобаның алғашқы кезеңінде мектепке дейінгі балаларға 300, ал оқушыларға 500 орын қарастырылған.

Тағы бір нысан – «Лес» экопаркі. Wellness Resort Mountains ЖШС жүзеге асырып жатқан жоба елордадағы туризм мен демалыс инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Кешенде 71 қонақүй нөмірі мен демалыс орны қарастырылған. Екі, төрт және алты адамға арналған үйлер бар. Экопарк бір мезгілде 300-ге дейін келушіні қабылдауға есептелген. Алдағы уақытта балаларға арналған жабық ойын алаңы, ашық бассейндер және қысқы демалыс бағыттарын дамыту жоспарланып отыр.

Қоғамдық кеңес мүшесі Азамат Оспанов «Мониторинг нәтижесіне жоғары баға беремін. Кәсіпорындардың жұмысын өз көзімізбен көрдік. Әсіресе, өндіріс орындарының қала тұрғындарын жұмыспен қамтып отырғаны маңызды. Бір зауытта 700-ден астам, екіншісінде 600-ге жуық адам еңбек етеді. Бұл – жүздеген отбасы үшін тұрақты табыс көзі. Инвестиция жобаларының халыққа беретін нақты пайдасының бірі де осы» деді. Ал Astana Invest қалалық инвестицияларды дамыту орталығы басқарма төрағасының орынбасары Сәбит Мұхамеджанұлы мұндай кездесулер кәсіпкерлердің мәселелерін анықтап, қажетті қолдау шараларын қарастыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Нұрдәулет КӘКІШ



АБАЙ МҰРАСЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Бас қаладағы Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінде «Абай тағылымы: хакім сөзі және заманауи ойлау» атты әдеби-танымдық кездесу өтті.

К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің ұстазы Айгүл Иманбаеваның жетекшілігімен 3-курс студенттері Абайдың қара сөздері негізінде дайындалған әдеби-сахналық композициялық қойылым ұсынды. Қойылым хакім мұрасын көркемдік тұрғыдан таныту, оның идеяларын жаңа буынның қабылдауы арқылы жеткізуге бағытталған.

– Басты мақсат – ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі рухани-философиялық ойларды заманауи көзқарас тұрғысынан таныту, хакім мұрасын кеңінен насихаттау және жастардың кітап оқуға, сыни ойлауға, өзіндік пікір қалыптастыруға деген қызығушылығын арттыру. Кездесу барысында Абайдың білім, еңбек, адамгершілік, әділет, мінез және рухани жауапкершілік туралы ойлары бүгінгі қоғаммен сабақтаса талқыланды. Қатысушылар хакімнің даналық сөздерінің мәнін тереңірек түсініп, олардың қазіргі адам өміріндегі маңызы жөнінде ой бөлісті, – Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлнәр Сапарбекова.

Іс-шараға колледж студенттері, оқытушылар, әдебиет сүйер қауым, оқырмандар клубтарының өкілдері және қала тұрғындары қатысты. Барлығы 200-ге тарта көрермен қамтылды.

Кездесудің басты ұстанымы – «Абайды оқу – өзіңді тану, Абайды түсіну – өзіңді өзгертуге қадам жасау». Іс-шара ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, рухани сабақтастықты нығайтуға және Абай мұрасын күнделікті өмірмен байланыстыруға ықпал етті.

Air Astana мен China Southern Airlines Қазақстан мен Қытай арасындағы әуе қатынасын нығайтуға, саяхат мүмкіндігін кеңейтуге және жолаушыларға ыңғайлылықты арттыруға бағытталған стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды. Бұл – қолданыстағы код-шеринг ынтымақтастығын дамытудың жаңа кезеңі және коммерциялық байланыстарды одан әрі тереңдетуге негіз болатын екі елдің әуе компаниялары арасындағы алғашқы стратегиялық әріптестік.

ҚЫТАЙҒА ӘУЕ БАҒЫТЫ КӨБЕЙЕДІ



Келісім шеңберінде әуе компаниялары рейстер кестесін үйлестіреді, код-шеринг қызметтерін кеңейтеді және бірлескен маркетинг бастамаларын іске асырады. Өз желілері мен коммерциялық үлгілерді жақындастырудың арқасында осы әріптестік тасымалдың біркелкі жағдайларын, неғұрлым ыңғайлы түйісулерді және Қазақстан, Қытай және одан тыс жерлердегі межелі пункттерге неғұрлым кең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, екі әуе компаниясының рейстерімен саяхаттауды жеңілдетуге бағытталған.

«Елдеріміз арасындағы рейстер саны 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 52%-ға (21 бағыт бойынша аптасына 117 тұрақты рейс) артты. 2026 жылдың басынан бері 1 миллионнан астам жолаушы тасымалданды. Министрліктің жоспарында Қытаймен маршрут желісін одан әрі кеңейту – 30 бағытқа дейін ұлғайту көзделген» деп атап өтті ҚР Көлік вице-министрі Талғат Ластаев.

Сонымен қатар аталған келісім жөнінде оның мән-маңызы жайында ой-пікір білдірді.

«Қытай – Air Astana үшін стратегиялық маңызды нарық, ал Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстыратын көлік торабы ретінде тиімді жерде орналасқан. Біздің China Southern Airlines компаниясымен стратегиялық серіктестігіміз – бұл рөлді дамытудағы және Қытайдың жетекші әуе тасымалдаушыларының бірімен коммерциялық қарым-қатынасты тереңдетудегі маңызды қадам. Біздің өзара толықтыратын маршрут желілерін біріктіре отырып және коммерциялық ұсыныстың негізгі элементтерін келісе отырып, біз жолаушыларға саяхат үшін көбірек мүмкіндіктер, неғұрлым ыңғайлы түйісулер, сондай-ақ екі әуе компаниясының рейстерінде де қызмет көрсетудің біркелкі шарттары мен ережелерін ұсынуға тырысамыз. Сонымен қатар неғұрлым тығыз ынтымақтастық бізге жолаушылар тарапынан сұранысқа тиімді ден қоюға және Қазақстан мен Қытай арасындағы әуе тасымалының одан әрі өсуін қолдауға мүмкіндік береді» деп атап өтті Air Astana компаниясының серіктестік және альянстар жөніндегі вице-президенті Ричард Леджер.

АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ ЖАЛҒАСАДЫ

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ


«Таза Қазақстан» республикалық акциясы өз жалғасын тауып келеді. Бұл жолы Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында ағаш отырғызу науқаны өтті. Оған табиғат жанашырлары, қоғамдық қор өкілдері, орталық мүшелері және т. б. қатысты.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Бұл науқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгілеген басымдықтарға, атап айтқанда, елдің болашағы мен келешекке жауапкершілікпен қарау идеясына сәйкес келеді.

Іс-шараны ұйымдастырушылар ағаш отырғызу процесінің тұрақты жүргізілуі шаһардың гүлденіп-көгалдануына, экологияның жақсаруына септесіп, соның арқасында «Таза Қазақстанды» қалыптастыруға негіз болады деп санайды.

– Жуырда ғана халықаралық экологиялық конференция өтті. Әлемнің әр елінен экологтар, ғалымдар келіп бас қосты. Осы саланың білгір мамандары өз тәжірибесімен бөлісті. Соның нәтижесі ретінде 100-ге жуық көшет отырғызылды. Күзде, көктемде ағаш отырғызу үдерісі қарқынды жалғаса береді. Басты мақсат – экологияның жақсаруына үлес қосу, – деді «Тұрақты даму жер қоры» төрағасының орынбасары Нұрдәулет Мұхтарбек.



№129 (5027) 31/10/2026 Сенбі

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Орталық сайлау комиссиясының 13 қазандағы отырысында барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын 29 қарашаға белгіледі. 12 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлыққа қол қойды. Мәслихаттар халық тарапынан жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайланады. 228 мәслихатта 3 447 депутатты сайлау жоспарланған: 668 мандат – 20 облыстық мәслихатта, 626 мандат – 38 қалалық, 2 153 мандат – 170 аудандық.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, үміткерлерді ұсыну және өзін-өзі ұсыну кезеңі 14 қазанда басталып, 27 қазан күні сағат 18:00-ге дейін жалғасты. Партиялық тізімдер мен үміткерлерді тіркеу 1 қарашада сағат 18:00-ге дейін аяқталады. Сайлау алдындағы үгіт 1 қараша күні сағат 18:00-де басталып, 28 қараша күні сағат 00:00-де аяқталады. 28 қараша – тыныштық күні. 29 қараша – сайлау күні.

САЙЛАУ ЖАРНАСЫ ҚАНША? ОНЫ КІМ ТӨЛЕЙДІ?

Мәслихат депутаттығына үміткерлер сайлауға қатысу үшін 425 мың теңге сайлау жарнасын төлейді. Заңда белгіленген талаптарға байланысты кейбір саяси партиялар жарнаны толық төлеуден босатылады. «Мәслихат сайлауы аралас сайлау жүйесі бойынша өтеді. Сайлауға саяси партиялар да, бірмандаттық сайлау округтері бойынша ұсынылған үміткерлер да қатыса алады. Азаматтар мәслихат депутаттығына өзін-өзі ұсыну тәртібімен де үміткер бола алады. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 104-бабына сәйкес, партиялық тізім ұсынған саяси партиялар тізімге енгізілген әрбір үміткерге белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді. Қазіргі уақытта бұл сома 425 мың теңгені құрайды. Өзін-өзі ұсынған азамат сайлау заңнамасының талаптарына сәйкестігі тексерілгеннен кейін дәл осындай мөлшерде жарна енгізуге міндетті» деп түсіндірді заңнаманы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Әсел Жәнәбілова.

САЙЛАУ ЖАРНАСЫ ҚАЙТАРЫЛА МА?

Құзырлы мекеме өкілінің айтуынша, саяси партия сайлауға қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде 5 пайызын алған жағдайда жарнасын қайтарып алады. Сондай-ақ партиялық тізімдегі жалғыз үміткер қайтыс болған жағдайда да жарна қайтарылады. Ал өзін-өзі ұсынған үміткер мәслихат депутаты болып сайланса немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде 5 пайызын алса, енгізген жарнасы өзіне қайтарылады. Ол қайтыс болған жағдайда да жарна қайтарылады.

Заңнамада алдыңғы сайлаудың нәтижесіне қарай саяси партияларға жеңілдіктер қарастырылған. Тиісті сайлау округінде өткен мәслихат депутаттарының алдыңғы сайлауында сайлаушылар дауысының кемінде 5 пайызын алған партиялар жарна төлеуден босатылады. 3 пайыздан 5 пайызға дейін дауыс жинаған партиялар – белгіленген жарнаның 50 пайызын, ал 1 пайыздан 3 пайызға дейін дауыс алған партиялар оның 70 пайызын төлейді.

ДОДАҒА 7 ПАРТИЯ ҚАТЫСАДЫ

Мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауына 7 саяси партия қатысады. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының отырысында мәлім болды. Орталық сайлау комиссиясы мүшелері тиісті қаулылар қабылдап, сайлауға қатысуға рұқсат алған партиялардың тізімін бекітті. Олардың қатарында «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Ауыл» партиясы, «Әділет» партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия, «Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы, Қазақстан Халық партиясы және «Respublica» партиясы бар. ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров Amanat партиясынан ресми хат түскенін хабарлады. Құжатта партияның мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатыспайтыны айтылған.

ҮКІМЕТ РЕЗЕРВІНЕН ҚАРАЖАТ БӨЛІНЕДІ

Сайлауды өткізуге қажетті қаражат Үкімет резервінен бөлінеді. Себебі биылғы бюджетте осы сайлау науқанына қаржы қарастырылмаған. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Михаил Бортник мәлімдеді. Ол сайлауға бөлінетін қаражаттың нақты көлемін Үкімет аумақтық сайлау комиссияларының өтінімдері мен дауыс беруді ұйымдастыруға жұмсалатын нақты шығындарды ескере отырып айқындайтынын айтты. Алдын ала жасалған есеп бойынша, қаражаттың басым бөлігі сайлау комиссиялары мүшелерінің еңбекақысын төлеуге жұмсалады. Бұл мақсатқа сайлаудың жалпы бюджетінің шамамен 75-80 пайызы жұмсалады. 86 мыңнан астам комиссия мүшелеріне еңбекақы төленеді. Бұл сайлау науқанының бірқатар ерекшеліктері бар. Мәселен, қосымша 3 022 округтік сайлау комиссиясы жұмысқа тартылып, құрамына тағы 15 110 адам кіреді. Олардың еңбегіне де қосымша ақша қажет. Одан бөлек, бірмандаттық сайлау округтері бойынша мәслихат депутаттығына бақ сынайтын үміткерлерді мемлекеттік қаржыландыруға қаржы қарастырылады. Заңнамаға сәйкес, тіркелген үміткерлердің сайлауалды үгіт жүргізуіне мемлекет қаржы бөледі. Оның нақты көлемін Орталық сайлау комиссиясы жеке айқындайды. Сайлау бюллетеньдерін басып шығаруға да қосымша шығын жұмсалады. Құрылтай сайлауынан айырмашылығы, бұл жолы облыстық қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттары сайланады. Сондықтан бюллетеньдердің саны мен оларды басып шығару шығыны әр өңірдегі дауыс беру ерекшеліктеріне қарай есептеледі.

12 МЛН-нан АСА АДАМ ДАУЫС БЕРЕ АЛАДЫ

Мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауында 12 миллионнан астам азамат дауыс бере алады. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Азамат Айманқұлов брифингте мәлімдеді. Оның айтуынша, аумақтық сайлау комиссиялары дауыс беруге 20 күн қалғанда әкімдіктерден сайлаушылар тізімін алады. «Биыл сайлауға 12 миллионнан астам сайлаушы қатысады деп жоспарланып отыр. Күнтізбелік жоспарға сәйкес, дауыс беруге 20 күн қалғанда аумақтық сайлау комиссиялары әкімдіктерден сайлаушылар тізімін алады. Содан кейін тізімдер түпкілікті қалыптастырылады» деп түсіндірді Азамат Айманқұлов.

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Орталық сайлау комиссиясы 29 қарашаға белгіленген мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекітті. Жоспарға сәйкес, ұсыну және өзін-өзі ұсыну кезеңі 14 қазанда басталады және 27 қазанда сағат 18:00-де аяқталады. Партиялық тізімдер және кандидаттарды тіркеу кезеңі 1 қарашада сағат 18:00-де аяқталады. «ҚР Сайлау туралы заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, сайлау алдындағы үгіт партиялық тізімдер және кандидаттарды тіркеу кезеңі аяқталған сәттен басталады. Үгіт-насихат кезеңі сайлауға бір күн қалғанда сағат 00:00-де аяқталады. Яғни, 1 қараша күні сағат 18:00-ден кейін басталып, 28 қарашада сағат 00:00-ге дейін жүргізіледі» деп түсіндірді Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман. Сайлау учаскелерінің шекараларын және учаскелік комиссиялардың құрамдарын жариялау мерзімі сайлау тағайындалғаннан кейін 15 күннен кешіктірмей, яғни 28 қазанға дейін анықталуы керек. Жергілікті атқарушы органдар сайлаушылардың тізімдерін дауыс беру басталардан 20 күн бұрын – 9 қарашада сайлау учаскелеріне жібереді. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдері сайлаушыларға өздері туралы деректермен танысу үшін дауыс беру күнінен 15 күн бұрын, яғни 13 қарашадан бастап ұсынылады. 2026 жылғы 28 қараша – Тыныштық күні. «Дауыс беру сайлау күні сағат 7:00-ден сағат 20:00-ға дейін өтеді. Аумақтық сайлау комиссиялар дауыс беруді бастайтын және аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге құқылы. Бұл жағдайда дауыс беруді 6:00-ден ерте бастауға және сағат 22:00-ден кеш аяқтауға болмайды» деп түсіндірді М.Ерман. Мәслихаттар депутаттарының сайлау қорытындылары 5 күн мерзімде анықталады.

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІН КІМ ЖАСАЙДЫ?

Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы хабарлағандай, сайлаушылардың тізімін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізіміне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша сайлау округінің тиісті сайлау учаскелері аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізіміне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, яғни 2026 жылғы 29 қазанға дейін енгізіледі. Әкімдік азаматты ол дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады. Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады. 2026 жылғы 13 қарашадан бастап сайлаушыларға нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміндегі немесе тиісті әкімдіктің колл-орталығы арқылы өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

КІТАП ОҚУҒА ҚҰЛШЫНЫС АРТТЫ

Кітап оқығаннан адам санасы жетіліп, танымы тереңдеп, ой-өрісі кеңейеді. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бала күнімізде кітап оқуды санамызға сіңірген әкем болды. Бұйыра тіл қатпады, алайда өзі оқып жатқан кітаптың қызықты сәттерін дастарқан басында айтып беретін.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ



Құлақ түріп, тыныш отырып тыңдай түсеміз. Әңгімесіне ұйығанымызды аңғарады да сөзін кілт тыяды. Жалынамыз келіп, айта түсіңізші деген өтініш орындалмайды. Сөйтсек кейін есейгенде білдік, әкейдің оқуға деген құлшынысымызды арттыру үшін тауып алған айласы екенін. Сол кезден бастап, ауылдың шағын кітапханасынан шықпаймыз. Сондағы бар ойымыз кітапты бірінші болып оқып, әкемізге түсінгенімізді айтып беру еді.

Бауыржан Момышұлының, Қасым Қайсеновтың кітаптарын жата-жастана оқыдық. Ауыл ат төбеліндей шағын болғанымен, 1990 жылдары тұрғындардың кітап оқуға деген ықыласы ерекше болды. Кітапханаға келген жаңа кітаптарға кезекке тұратынбыз. Ел тәуелсіздік алғалы бері бұл үрдіс тыйылған емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітап оқудың адам тәрбиесі мен қоғамның рухани дамуындағы маңызына тоқталып, кітаптың жастарды үстірт ойлаудан және ақпарат тасқынына жұтылып кетуден сақтайтын рухани қалқан екенін жеткізді.

– Халқымыздың асыл перзенті Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген тамаша сөзі бар. Кітап білімпаздыққа, жанашырлыққа, парасаттылыққа, еңбекқорлыққа баулиды. Кітап оқу – азаматтарды, әсіресе, жастарды үстірт ойлаудан және ақпарат тасқынына жұтылып кетуден сақтап қалатын рухани қалқан. Сондықтан мен биыл мамыр айында «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Үкімет жыл соңына дейін тиісті тұжырымдама қабылдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзінен кейін ел бойынша кітапқа деген құштарлық артты. Қазір қай жерде болмасын кітап оқудың насихаты қарқын алды. Қолына кітап ұстаған қарттан бастап, жастарға дейін жарыса оқитын болды. Нәтижесі де жоқ емес. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына сұрау салғанымызда жыл басынан бері оқырмандар саны артқан.

– Ұлттық кітапхана есебінше 55 380 оқырман қамтылды. Бұл аз көрсеткіш емес. Жаппай кітап оқуға деген құлшыныс артып келеді. Ал көп оқылған кітаптар санының көшін бастап тұрған Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану» мен Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері». Осыдан-ақ оқырман ықыласын білуге болады, – дейді ҚР Ұлттық академиялық кітапхана директорының орынбасары Айтоты Жақыпова.

Құптарлық және қуанарлық жағдай. Кітап оқуды насихаттауға астаналық ағайын белсене кіріскен. Бұған күн сайын куә болып келеміз. Әсіресе жастардың белсенділігі – бір төбе. Есілдің жағасында кітап оқып отырған жастарды өз басым сан мәрте көрдім.

– Мен Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабын оқыдым. Шынайы. Өзіме қатты әсер етті. Сол кездегі сәулелі сәтті ерекше суреттеген. Мұны құрбыларыма да айтып мақтандым. Оларға оқуға кеңес бердім, – дейді астаналық жас оқырман Баян Мәдіғалиқызы.

Астана қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесіне бас сұғып, кітап іздей барғанымда оқырмандардың көп екеніне көз жеткіздім. Бір оқырман Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» кітабын жаздырып алып жатты. Қалалық кітапхана мамандарын сөзге тартқанымда жиі оқылатын кітаптардың тізімін ұсынды. Мұнда Дулат Исабековтың «Қарғыны» мен «Гаухартасы», Немат Келімбетовтың «Күншілдігі», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясы», Сейдахмет Құттықадамның «Ұлтқа қызмет ету» кітаптары бар. Мамандардың айтуынша, осы кітаптар оқырман қолынан жиі табылады.

Жалпы алғанда, Астанада кітапқұмар ағайын баршылық. Кітапқұмар оқырмандардың өз бетінше әр жерлерде кездесу өткізіп жатуларынан-ақ оқырман қарасы қалың екенін бағамдауға болады.

№129 (5027) 31/10/2026 Сенбі

ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ МЕДИА ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?



Астанада «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының қолдауымен «Жасанды интеллект дәуіріндегі медиа: шынайы ақпарат, жауапты сөз» атты республикалық медиафорум өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жиынға бас редакторлар, журналистер, медиаменеджерлер, Құрылтай депутаттары, мемлекеттік қызметшілер мен білім саласының өкілдері қатысты. Басқосуда жасанды интеллектінің ұлттық медиаға ықпалы, редакциялардың технологиялық жаңаруы, ақпараттың шынайылығы және отандық медианың экономикалық тұрақтылығы талқыланып, жаңа технологиялардың мүмкіндігін кәсіби жауапкершілікпен ұштастыру, ақпараттың шынайылығын қамтамасыз ету және ұлттық медианың әлеуетін күшейту мәселелері негізгі арқауға айналды.

Форумды ашқан Бас редакторлар клубының президенті Бибігүл Жексенбай цифрлық өзгерістер жағдайында журналистиканың қоғам алдындағы жауапкершілігі арта түсетінін атап өтті.

«Мәтіннің сауатты жазылуы оның шынайылығына кепіл бола алмайды. Сенімді естілген дауыс пен нанымды көрінген бейне де тексеруді қажет етеді. Сондықтан редакциядағы әрбір шешімнің негізінде дерекке ұқыптылық, адамға құрмет және қоғам алдындағы жауапкершілік тұруға тиіс» деді Бибігүл Жексенбай.

«Жасанды интеллект және редакция: жаңа мүмкіндіктер, кәсіби жауапкершілік» тақырыбындағы панельдік сессияда қатысушылар ЖИ құралдарын күнделікті жұмысқа енгізу тәжірибелерімен бөлісті. Контент пен анимация жасау, ақпараттың дұрыстығын тексеру, материалдарды әртүрлі платформаларға бейімдеу және авторлық құқық мәселелері қарастырылды.

Бас редакторлар клубының мүшесі, республикалық «Человек и закон» газетінің бас редакторы, Құрылтай депутаты Марат Башимов Жасанды интеллект дәуірінде адам құқықтарын қорғау, қоғамдық қатынастарды реттеу және технологияларды жауапкершілікпен пайдалану мәселелері айрықша маңызға ие екенін, бұл саладағы қатынастардың құқықтық тұрғыдан реттелуі – уақыт талабы, Еуропалық Одақ бұл бағытта нақты қадамдар жасап келе жатқанын атап өтті. Жасанды интеллект адам құқықтарына тікелей қатысты болғандықтан, оны құқықтық реттеу мәселесі еліміздің Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасы тұрғысынан да маңызды екендігіне назар аударды.

Белгілі журналист Мағжан Садыханұлы жасанды интеллектінің пайдасы мен залалы, ЖИ-дің болашағы жайында ой өрбітті.

«Қазақстан үшін жасанды интеллект – үлкен мүмкіндік. Алайда бұл үшін цифрлық сауаттылықты арттырып, жас мамандарды жаңа технологияларға бейімдеу қажет. Болашақтың бәсекесіне тек технологияны қолданатын емес, оны жасай алатын ел ғана төтеп береді. Цифрлық технологияның дамыған дәуірінде ең үлкен артықшылық интеллектінің жасандылығында емес, адамның даналығы мен адамгершілігінде болмақ. Болашақ өмірімізді жасанды интеллект емес, оны дұрыс басқара алатын адам ғана қалыптастыра алады» деді Мағжан Садыханұлы.

Белгілі медиаменеджер Кемелбек Ойшыбаев жасанды интеллектіні жауапты қолдану, оның медиаға ашатын жаңа мүмкіндіктері және табыс табу көздері жөнінде ой бөлісті. Ол технологиялық өзгерістер жағдайында отандық медианың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, жарнама нарығындағы бәсекеге бейімделу және кіріс көздерін әртараптандыру мәселелерін көтерді.

Jibek Joly / Silk Way телеарнасының басқарушы директоры Нағашыбек Алдан жасанды интеллект бүгінде медиа саласының ажырамас бөлігіне айналып келе жатқанына тоқталды. Qrnews ақпараттық порталының директоры Сапарғали Қанат «Портал қызметіндегі жасанды интеллект: қолдану мүмкіндіктері мен тиімділік перспективалары» тақырыбында сөз сөйлеп, ақпараттық порталдардың жұмысында жасанды интеллектіні қолдану жолдарына тоқталды.

Талқылау барысында жасанды интеллектінің ақпаратты жинау мен өңдеу, мәтінді бейімдеу және тарату сияқты міндеттерді жеңілдететіні айтылды. Бұл журналистерге оқиға орнынан хабар таратуға, эксклюзивті сұхбаттар мен зерттеу материалдарын әзірлеуге, талдау мен деректерді тексеруге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

«Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте қордың қызметі мен білім беру жобаларын таныстырды. Оның баяндамасында «Ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасының нәтижелері айтылды. Жоба аясында 620 мектеп қамтылып, 7 073 мұғалім оқытылған, 484 жаңа оқу кабинеті ашылған.

Форум қатысушылары қордың заманауи білім беру инфрақұрылымымен, соның ішінде Spectrum халықаралық мектебімен танысты. Алқалы басқосуда медиа мен білім беру ұйымдарының ынтымақтастығын дамытуға, жастардың ақпаратты саналы қабылдау дағдыларын қалыптастыруға мән берілді. Дерек пен пікірді ажырату, ақпарат көзін тексеру және күмәнді хабарды таратпас бұрын оның дұрыстығына көз жеткізу медиасауаттылықтың маңызды құрамдастары ретінде аталды.

Форум аясында Бас редакторлар клубының басқару құрамындағы өзгерістер жарияланды. Қуат Әуесбай, Айна Задабек және Сапарғали Қанат клубтың вице-президенттері, ал Мақпал Адамбаева атқарушы директоры болып тағайындалғаны хабарланды.

Форум қорытындысында «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі мен «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Іс-шара аясында республиканың әр өңірінен келген үздік медиаменеджерлер, бас редакторлар, журналистер, медиатренерлер, баспасөз қызметінің мамандары мен медиа ұйымдары Бас редакторлар клубының марапаттарына ие болды.

Аға буын өкілдерінің еңбегін ұлықтауға айрықша мән берілді. Клубтың ең жоғары наградасы «Ақпарат ардагері» медалі отандық журналистиканың дамуына сіңірген елеулі еңбегі үшін белгілі журналист, публицист Жанболат Аупбаевқа тапсырылды. Сондай-ақ дәстүрлі БАҚ пен цифрлық медиада танымал болған журналистер «Қазақстанның үздік медиаменеджері», «Қазақстанның үздік бас редакторы», «Қазақстанның үздік журналисі», «Қазақстанның үздік медиатренері», «Қазақстанның үздік медиамекемесі», «Баспасөз қызметінің үздігі», «Зерделі зерттеуші», «Үкілі үміт» марапаттарын иеленді.

СУРЕТСӨЗ

Талай жиынға қатысты. Арнайы барады. Ешкімнің меселін қайтармайды. Сөйлеуші мейлі үлкен болсын, мейлі кіші болсын, әрбір сөзді осылай қалт жібермей тыңдап отырар еді. Сосын ой түйеді. Сыр сабақтайды. Сөйлеу мәдениеті өз алдына, тыңдау мәдениеті де жоғары болды Тұрсынбек ағамыздың. Ондай жиындарға бара қалса, қасқиып елдің алдына отыруға да аса құлықты емес. «Мен отырған жердің бәрі төр», – деп ұлы Мұхаң айтқандай, елеусіздеу бір орынға жайғаса салады. Тұрсекеңнің ойлы отырысы сол орынды көркейтеді, тіпті бағасын арттырып жібереді. Бұл жолы да солай болған сыңайлы.

ОЙ ДЕГЕН БІР ШЫҢЫРАУ...

(Тегеурінді Тұрсекең)



Ана бір жылы Алматыдағы Тұрсынбек Кәкішев тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта қойылды. Дұрыс. «Сын сапары», «Оңаша отау», «Сәкен Сейфуллин», «Санадағы жаралар», «Кер заманның кереғар ойлары», «Садақ», «Мағжан мен Сәкен», «Ескірмейді естелік» сияқты келісті кітаптар жазылған қасиетті қара шаңырақ бұл. Еселі еңбек пен төгілген тердің мекені. Ол үйге тақта қойылмағанда қайда қойылмақ?!

Бір кезде көрікті қалашықта өткен студент ақындардың айтысында сөз қағыстырған филфактың жампозы Светқали Нұржанов журфактың сайыпқыраны Бейбіт Құсанбековке қаратып:

Бір бала алдарыңда жыр бастады,
Бітпейді мұнымен де шын дастаны.
КазГУ-ім елудегі аман болсын,
Сау жүрсін КазГУ-імнің құрдастары! –

деп жырлап еді. Енді міне сол бір бала алпыстан асты, ал тау тұлғалы Тұрсекеңдердің туғанына ғасырға жуық уақыт өтті.

Тұрсынбек аға... Тегеурінді Тұрсекең... Бүтін бітім. Бөлек болмыс. Ойлы отырыс. Терең толғаныс. Қыран қабақ. Өткір көз. Өзгеше әлем. Яғни, өзі айтатындай, «Оңаша отауда» ойға берілген кейпі. Шынында да не ойлады екен?! Кім білсін оны... Бір білсе, өзіне де, өзгеге де байқатпай суретке түсіріп алған Шүкір Шахай білер... Солай ма, Шүкір?

«Қаза берсе түбі жоқ, Қазбағанда суы жоқ, Ой деген бір шыңырау», – деп жырлапты Сәбит Дөнентаев. Сол шыңырау ой талайды иіріміне тартып әкетпек. Одан шығам дегенше қырық қырды шарлап, алпыс асуды барлап қайтасың. Ал миының қатпары қалың Тұрсекең ойға берілсе ше... Сондай бір мезет..

Жұмбақ кейіп. Қарапайым қалып. Сәулетті сәт. Жарқын жүз. Осы отырған отырыс.... Бір ғанибет емес пе?!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

СӘКЕННІҢ КРЕСЛОСЫ

Тарихтың тереңіне бойлау үшін кейде бір жәдігерге көз салудың өзі жеткілікті. Өйткені әрбір тарихи заттың өзіне тән тағдыры, уақытпен сабақтасқан сыры бар. Елордадағы Сәкен Сейфуллин музейінде сақталған кресло – қазақ әдебиетінің бір дәуірін көз алдымызға әкелетін, өткен мен бүгінді жалғайтын құнды мұра.



Сәкен Сейфуллин – сөз өнерін азаматтық мұратпен ұштастырып, қазақ әдебиетінің алуан жанрында қалтқысыз еңбек еткен, оның дамуына зор үлес қосқан ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Оның шығармашылық болмысы жалынды рухымен, терең ойымен, заман шындығын көркем бейнелеген қуатымен ерекшеленеді. Сәкеннің есімі аталса, қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңі мен ұлттық руханияттың өркендеу жолы қатар еске түседі.

Сәкен Сейфуллин музейінде сақталған бұл кресло 1930 жылдарға жатады. Музей қорына Қазақстан Жазушылар одағынан әкелінген жәдігер Сәкеннің сол кезеңдегі қызметімен байланысты. 1930 жылдары Жазушылар одағында қызмет атқарған кезінде Сәкен Сейфуллин осы креслода отырған. Кресло тікбұрышты пішінде ағаштан жасалған. Ашық қоңыр түсті, сыртқы жағы өсімдік өрнектері бейнеленген жұмсақ материалмен қапталған.

1934 жылғы 12 маусымда Қазақ КСР Кеңес жазушыларының I съезі өтіп, Қазақстандағы жазушылар ұйымының қалыптасуында маңызды кезең басталды. Осы тарихи жиында Сәкен Сейфуллин кіріспе сөз сөйлеген. Бұл оқиға қаламгердің әдебиеттегі орнын ғана емес, қазақ руханиятының өркендеуіне қосқан қайраткерлік болмысын айқындай түседі.

Бүгінде музей төрінен орын алған бұл кресло қазақ қаламгерлерінің сол кезеңдегі әдеби ортасы мен шығармашылық өмірінен сыр шертетін құнды жәдігер саналады. Сәкеннің қаламынан туған сөз халықтың рухани қазынасына айналса, өзі отырған кресло сол дәуірдің тынысын танытатын тарихи мұра ретінде бағалы. Бұл жәдігер бізді өткенмен табыстырып қана қоймай, ұлт әдебиетінің қалыптасу жолына тереңірек үңілуге жетелейді.

Азамат СЕРІКҰЛЫ,
Сәкен Сейфуллин музейінің әдіскері

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

19.10.2026 №510-3485

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «А56 (жобалық атауы) көшесі» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ж.Нәжімеденов көшесінен В-6 (жобалық атауы) көшесіне дейінгі учаске мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 4,9072 га, жер учаскелері 2026 жылғы 28 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 28 желтоқсанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж.Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы « 19» 10
№ 510-3485 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-318-096-643	«Самрұқ 888» ЖШС	975	130	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» б/с, Узкая көшесі, №22-учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
2.	21-318-096-645	Кинзерская Ольга Алексеевна, Кинзерский Анатолий Станиславович, Яшина Светлана Станиславовна	972	688	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» б/с, Узкая көшесі, №24-учаске.	Бағбандық	Ортақ үлестік меншік
3.	21-318-096-442	Клейн Анатолий Адамович	800	800	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №76 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
4.	21-318-096-961	Морозова Светлана Валерьевна	190	101	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, Яблочная көшесі, №36 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
5.	21-318-096-024	Ивженко Виктор Павлович, Ивженко Татьяна Владимировна	600	42	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Садовая көшесі, №98 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
6.	21-318-096-440	Прохорова Нина Капитоновна	640	542	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №74-учаске	Бағбандық	Жеке меншік
7.	21-318-096-409	Шоханова Назым Умирбековна	710	710	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, №32 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
8.	21-318-096-411	Каирбекова Риза Хамитовна	840	824	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Весенняя көшесі, №34 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
9.	21-318-096-252	Байжумаева Нургуль Тулепбергеновна	767	609	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Сливовая көшесі, №42-учаске	Бағбандық	Жеке меншік
10.	21-318-096-647	Мордовец Лариса Викторовна	966	966	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» б/с, Узкая көшесі, №28 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
11.	21-318-096-066	Шишковская Тамара Григорьевна	895	56	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, №27-үй	Бағбандық	Жеке меншік
12.	21-318-096-438	Полетаева Ирина Сергеевна	740	728	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №70-учаске	Бағбандық	Жеке меншік
13.	21-318-096-439	Ивженко Виктор Павлович, Ивженко Татьяна Владимировна	840	705	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №72-учаске	Бағбандық	Жеке меншік
14.	21-318-096-243	Оразбекова Гульнара Балтабаевна, Оразбеков Бегалы Бакенович	665	665	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, Сливовая көшесі, №39 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
15.	21-318-096-033	Абдрашева Дамегуль Егимбаевна	741	741	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Рябиновая көшесі, №76 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
16.	21-318-096-648	Масюков Николай Федорович	842	429	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Узкая көшесі, №30 үй	Бағбандық	Жеке меншік
17.	21-318-096-632	Овчинников Олег Алексеевич	542	407	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Набережная көшесі, №27 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
18.	21-318-096-443	Маханов Владимир Афанасьевич	990	990	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, №73 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
19.	21-318-096-046	Оразбекова Гульнара Балтабаевна, Оразбеков Бегалы Бакенович	1000	781	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, №54 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
20.	21-318-096-128	Абильдаев Ержан Койшатаевич	584	584	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Тенистая көшесі, №13 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
21.	21-318-096-441	Смаилов Талгат Амангелдіұлы	770	770	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №75 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
22.	21-318-096-170	Мусаинов Жалыкпа Мурзагазович	820	820	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Весенняя көшесі, №30 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
23.	21-318-096-004	Корешкова Алла Ефимовна	910	778	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Весенняя көшесі, №36 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
24.	21-318-096-960	Кымбатов Мурат Амангельдинович	374	368	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, Алмалы көшесі, №36 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
25.	21-318-096-629	Каракулова Ольга Даниловна	812	510	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Набережная көшесі, №23 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
26.	21-318-096-183	Белоруков Борис Александрович	823	43	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Набережная көшесі, №8 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
27.	21-318-096-054	«Антарес Проект KZ» ЖШС	770	731	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» саяжай қоғамы, Центральная көшесі, №69 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
28.	21-318-096-247	Кожахметов Азат Сагидуллаулы	699	70	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, №41 учаске.	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
29.	21-318-096-345	Акаев Абай Рашидович	803	265	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, Газовая көшесі, №63 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
30.	21-318-096-161	Росс Иван Иванович	760	760	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Сливовая көшесі, №40-үй	Бағбандық	Жеке меншік
31.	21-318-096-233	Тәкен Ислам Серікұлы, Өмірбек Жансая Нұрлыбекқызы	270	270	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Сливовая көшесі, №38 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
32.	21-318-096-959	Сұлтанбек Абзалбек Зеинәбілұлы, Сұлтанбек Гүлжан Қасымбайқызы	84	84	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, Яблочная көшесі, №36 учаске.	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
33.	21-318-096-910	Морозова Светлана Валерьевна	860	204	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Сливовая көшесі, №35 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
34.	21-318-096-205	Алыпбаева Гульжазира Мухатаевна, Баяхметов Муратбек Кенестаевич	668	31	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Сливовая көшесі, №34 учаске.	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
35.	21-318-096-646	Қалыбай Адиля Бағытжанқызы	993	913	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Узкая көшесі, №26 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
36.	21-318-096-899	Сагинаева Айгерим Нуржановна, Кайшенов Амангельды Сагитович	1200	1032	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Набережная көшесі, №6 учас	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
37.	21-318-096-905	Жумабаев Абжаппар Оразимбетович	805	805	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, Сливовая көшесі, №37 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
38.	21-318-096-630	Захарюк Сергей Михайлович, Захарюк Елена Викторовна	1024	1024	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Набережная көшесі, №25 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
39.	21-318-096-434	Кульсеитова Ашухан Аймухаметовна	760	140	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №59 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
40.	21-318-096-146	Кундиус Марина Викторовна	690	690	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №71 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
41.	21-318-096-245	Оразбекова Гульнара Балтабаевна, Оразбеков Бегалы Бакенович	820	774	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №56 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
42.	21-318-096-428	Аяпбекова Айганым Кундакбаевна	1020	1020	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, №58 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
43.	21-318-096-231	Тыштыбаев Канат Жакенович	653	184	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Тенистая көшесі, №12 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
44.	21-318-096-306	Абдрашев Кайрат Курбанович, Бакирова Асел Кайржановна, Айтмухамбетов Алтынбек Айтмухамбетулы	720	145	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Газовая көшесі, № 64 учаске	Бағбандық	Ортақ үлестік меншік
45.	21-318-096-365	Буркутбаева Ботагоз Курбаналиевна	657	657	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Тенистая көшесі, № 14 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
46.	21-318-096-958	Кымбатов Мурат Амангельдинович, Жумабаева Гульнур Куттыбековна, Маженова Айжан Муратовна	138	138	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» б/с, Яблочная көшесі, №36 учаске	Бағбандық	Ортақ үлестік меншік
47.	21-318-096-895	Оразбек Регина Жанаковна, Оразбек Қазыбек Бегалыұлы	870	98	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, №15 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
48.	21-342-096-1166	Богданова Елена Васильевна	97	97	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Садовая көшесі, №100 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
49.	21-342-096-1168	Довлетбаев Койшыбай Чомбылович	427	427	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» БУИТК, Яблочная көшесі, №84 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
50.	21-318-096-997	Думшас Екатерина Андреевна	774	1	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» б/с, Набережная көшесі, № 21 учаске.	Бағбандық	Жеке меншік
51.	21-318-096-408	Сейпишева Галия Владимировна	910	1	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» б/с, Центральная көшесі, № 31 учаске	Бағбандық	Жеке меншік

№129 (5027) 31/10/2026 Сенбі

ЖАСТАР ТЕАТРЫНЫҢ ЖЕМІСТІ ЖОРЫҒЫ

Астанадағы Жастар театры Қарағанды, Шымкент, Әндіжан, Ош және Қызылорда қалаларын қамтыған шығармашылық сапарын сәтті қорытындылады. Бірнеше қала мен екі мемлекеттің сахнасында өнер көрсеткен ұжым үшін бұл сапар кәсіби тәжірибе алмасуға, жаңа көрерменмен жүздесуге және театр өнеріндегі шығармашылық мүмкіндіктерін саралауға жол ашты.

Сапар барысында театрдың «Қаракөз» қойылымы екі республикалық фестивальге қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Ал «Жібек» мюзиклі халықаралық фестивальде жоғары бағаланып, шетелдік сахнада өнер көрсетуге жаңа мүмкіндік алды.



Қарағанды қаласында өткен Әшірбек Сығай атындағы «Сын – шын болсын…» III республикалық театр фестивалінде «Қаракөз» қойылымы «Үздік сценография» және «Үздік ансамбль» номинациялары бойынша марапатталды. Бұдан кейін қойылым Қызылордада ұйымдастырылған Қазақстан драма театрларының XXXI республикалық фестиваліне қатысып, тағы да «Үздік сценография» номинациясын иеленді. Бір қойылымның екі республикалық фестивальде қатар бағалануы театр ұжымының көркемдік ізденісіне берілген баға болды. Жастар театры үшін ендігі міндет – қол жеткізген жетістіктерді сақтап қана қоймай, жаңа көркемдік белестерге ұмтылу. Репертуарды байыту, режиссерлік ізденістерге кеңістік ашу, актерлердің шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және халықаралық театр кеңістігіндегі байланыстарды нығайту екенін айтады театр директоры Мақпал Мыса.

«Сапар барысында театрымыздың ұжымы үшін тағы бір қуанышты жаңалық болды. «Қаракөз» қойылымының режиссері Дәурен Серғазин Мемлекет басшысының қолынан «Құрмет» орденін алды. Өнер жолындағы табанды еңбегі мен шығармашылық ізденісі жоғары бағаланған әріптесінің марапаты театр ұжымы үшін де ерекше мақтаныш. Ал Әндіжан қаласында өткен ТҮРКСОЙ халықаралық театр фестивалінде Жастар театрының «Жібек» мюзиклін көрермен назарына ұсындық. Қойылымның режиссері, Қазақстанның халық әртісі Нұрқанат Жақыпбай «Ең үздік режиссер» атанды. Бұл жетістік мюзиклдің көркемдік деңгейін танытып қана қоймай, оның халықаралық сахнадағы мүмкіндігін де кеңейтті. Нәтижесінде қойылым Түркияның Анталия қаласында өтетін халықаралық фестивальге жолдама алды» дейді Мақпал Мыса.

Осылайша, Қарағандыдан басталып, Шымкент, Әндіжан, Ош арқылы Қызылордада түйінделген бұл сапар театрдың шығармашылық тынысын кеңейтіп, жаңа белестерге жол ашты.

ЖАС ҚАЛАМГЕР МІНБЕРІ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасында «Жас қаламгер мінбері» атты жыр кеші өтті.



Шараға университет студенттері мен жас қаламгерлер қатысып, өзара шығармашылық байланыс орнатты. Кеш барысында жас ақындар авторлық өлеңдерін оқып, әдеби ізденістерімен бөлісті. Сондай-ақ ашық микрофон ұйымдастырылып, қатысушылар поэзия, өлең жазу тәжірибесі мен шабыт көздері туралы пікір алмасты.

Шара аясында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мен әдеби ортаны дамыту мәселелеріне де назар аударылды.

«Кітап оқу – адамның ой-өрісін кеңейтіп, рухани дамуына ықпал ететін маңызды әдет. Ал поэзия кештері жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, өз ойын көркем жеткізуіне, шығармашылық қабілетін шыңдауына мүмкіндік береді. «Жас қаламгер мінбері» арқылы жас ақындардың басын қосып, олардың өзара тәжірибе алмасуына және шығармаларын көпшілікке ұсынуына жағдай жасауды көздедік. Осындай кездесулер жастар арасында кітап оқу мәдениетін насихаттап, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыруға үлес қосады деп сенеміз» дейді шараны ұйымдастырушы Арманбек Жәкейхан.

Дайындаған **Шапағат ӘБДІР**

ҮЗДІК АКТЕРЛІК АНСАМБЛЬ

Астана қаласының Қуыршақ театры IV Халықаралық «Almaty Puppet Festival – 2026» фестивалінде «Үздік актерлік ансамбль» аталымында топ жарды.

Фестиваль аясында түрлі елдің сахналық дәстүрлері тоғысып, қуыршақ өнерінің сан қырлы мүмкіндіктері көрермен назарына ұсынылды. Елордалық театр көрермендерге таяуда ғана премьерасы өткен қойылым авторы әрі режиссері Николоз Сабашвилидің «Қағазды жаңбыр» атты клоунада жанрындағы қойылымын ұсынды. Ерекше сахналық шешімдерге негізделген бұл туынды көрерменді заманауи қоғамның тыныс-тіршілігіне үңілуге шақырады.



Қойылым оқиғасы шырайлы да шағын қалашықтың тынысынан басталады. Мұндағы тұрғындардың өмірі тыныштық пен үйлесімге құрылған. Олар қарапайым дүниелерден қуаныш тауып, бірге уақыт өткізіп, бір-біріне қолдау көрсетуді өмір салтына айналдырған. Алайда бірте-бірте олардың қалыпты тіршілігіне өркениет пен жаңа технологиялар араласа бастайды. Әуелі теледидар пайда болып, артынша түрлі экрандар мен гаджеттер күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналады. Осылайша виртуалды әлем тұрғындардың шынайы тіршілігіне дендеп еніп, адамдар арасындағы қарым-қатынас сипатын өзгерте бастайды.

«Қағазды жаңбыр» қойылымы арқылы заманауи технологиялардың адам өміріне ықпалы, виртуалды кеңістіктің шынайы қарым-қатынасқа әсері және адамдық құндылықтарды сақтау мәселелері көтеріледі. Туынды көрерменге технологияның жетістіктерін жоққа шығармай, оның адам өміріндегі орнын бағамдауға, ең бастысы, тірі қарым-қатынас пен рухани байланыстың қадірін ұғынуға ой салады.

Клоунада жанрының көркемдік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қойылым күрделі қоғамдық мәселелерді жеңіл әрі әсерлі сахналық тілмен жеткізеді. Мұнда әрбір қимыл, әрбір көрініс пен сахналық бейне өзіндік мағынаға ие. Көрерменді күлдіре отырып ойландыру, қарапайым оқиға арқылы терең философиялық ой түюге жетелеу – туындының басты ерекшеліктерінің бірі.

Астана қаласының Қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі Қуат Ежембек қазақшалаған қойылымда кейіпкерлерді сомдаған актерлер Нұржан Ахметов, Дамир Утеев, Айжан Садықова, Альбина Байырова, Елдар Сүйінбай, Әрсен Балтабай, Ақбота Тілегенова халықаралық деңгейдегі өнер додасында өз шеберлігін танытты. Бұл марапат – сахнадағы әртістердің үйлесімді ойыны мен кәсіби шеберлігінің, шығармашылық ізденісі мен ортақ еңбегінің лайықты бағасы.

Сондай-ақ қырық жылға жуық ғұмырын Алматы мемлекеттік қуыршақ театрына, жалпы елу жылдан аса саналы ғұмырын саф өнердің дамуына арнап, қазақ қуыршақ өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан, Астана қаласының Қуыршақ театрының негізін қалаған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Құралай Ешмұратоваға Алматы қаласы мемлекеттік академиялық Қуыршақ театрының 90 жылдық мерейтойына орай шығарылған мерекелік медалі тапсырылды.

КИІЗ КАРТА

Астанада Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Өнермен өрілген Қазақстан: киізбен жазылған тарих» тақырыбында шығармашылық жобалардың таныстырылымы өтті. Жобалар ұлттық қолөнерді жаңғыртуға және қазақтың дәстүрлі өнерін халықаралық деңгейде дәріптеуге бағытталған.



Жиында киізден жасалған, көлемі 7×4 метр болатын Қазақстан картасы жұрт назарына ұсынылды. Картаны жасауға бес ай уақыт кеткен. Осы кезеңде жүннен жасалған туындыны әзірлеуге еліміздің түрлі өңірінен келген шеберлер, педагогтар мен оқушылар атсалысты.

«Ата-бабамыздан ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан киіз басу дәстүрін пайдаланып, Қазақстанның үлкен картасын әзірледік. Бастапқыда жүнмен жұмыс істейтін қолөнершілеріміздің шеберлігін әлемге танытуды көздедік. Кейін еліміздегі педагогтар мен шеберлердің басын қосып, өнермен өрілген Қазақстанды бірге таныстыруды мақсат еттік» деді бастама авторы, №78 мектеп-гимназияның көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ұлттық дизайн академиясының академигі Ләззат Атыбай.

Автордың айтуынша, картада еліміздің ұлттық құндылықтары, табиғи байлығы мен мәдени мұрасы көрініс тапқан. Жобаның екінші бөліміне Қазақстанның әр өңірінің қатысушылары жасаған 500-ден астам жұмыс енді.

Бұл жоба Азия және Африка елдерінің рекордтары жөніндегі дүниежүзілік Global Book of Records рекордтар кітабына енгізу үшін ұсынылды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 129
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ